



# Ембі ТЫНЫСЫ

№4 (147)  
СӘУІР  
2026 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

## БЕЙБІТШІЛІК – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ!



## Құрметті ембіліктер, еала ардагерлері!

Сіздерді қоғамдағы тұрақтылықты нығайтып, бірлікті дәріптеуге бағытталған **1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні**, **7 мамыр – Отан қорғаушылар күні** және **9 мамыр – Жеңіс күні** мерекелерімен құттықтаймыз!

Бұл атаулы мерекелер еліміздегі бірлік пен келісімнің, ынтымақ пен еңбектің салтанаты, достық пен өркендеудің, табиғат пен адамның жаңаруының, бейбітшілік пен игіліктің символы саналады.

Бүгінгі таңда Ембі өндірісінде 10-ға жуық ұлт өкілі береке мен ауызбіршілікті ту етіп, еңбек етуде. Бірлік пен Отанымыздың тағдыры үшін ортақ жауапкершілік - біздің рухани күшіміз бен ертеңгі күнге деген сеніміміздің басты көздері.

Егемен елдің қорғаныс қуатын, бекемдігін көрсететін 7-9 мамыр мерекелері жыл өткен сайын мемлекетімізде кең мазмұнға ие болып келеді. Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте

айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Майдан шебіне аттанып, ел қорғаған, Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан ембілік мұнайшылардың ерлігі мен еңбегі тарихтан ешқашан өшпейді. Біз әркез мақтанышпен еске аламыз, зор құрметпен тағзым етеміз!

## ҚАДІРМЕНДІ ӘРІПТЕСТЕР!

Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мол бақыт және бейбіт ғұмыр тілейміз.

Елімізде әрдайым тыныштық пен бірлік салтанат құрып, болашағымыз жарқын болғай!

Құрметпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

## ЖАҢҒЫРҒАН ТАРИХ

«ҚазМұнайГаз» ҰК-ның еншілесуі – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қолдауымен және «Самұрық-Қазына» қорының қатысуымен Мақат ауданының Доссор кентінде заманауи музей-кітапхана кешені пайдалануға берілді.

3 ➡➡➡

## ЖЕТІ ҚАТ ЖЕР АСТЫНАН ҚАЗЫНА ІЗДЕГЕН

Ембі кен орындарының дені игерудің жоғарғы сатысындағы кеніштер санатынан. Бұл кезең, әрине, қиын алынатын қорлардың үлесінің өсуімен байланысты. Бүгінгі күні алынатын қорлардың 52 пайызы қиын алынатын қорлар болып табылады.

4 ➡➡➡

## ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАНДАР

"Сіздің мұнайдың әрбір литрі, продукцияларыңыздың әрбір килограммы жау тамағына тас болып тұрады. Өнімдеріңізді күн санап, сағат сайын көбейте беріңдер, ол біздің жеңіс сағатымызды жақындата түседі. Бұл міндетті сіздердің абыроймен орындайтыныңызға біз күмәнданбаймыз".

7 ➡➡➡

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

## МАҚСАТ АЙҚЫН, МІНДЕТ КӨП



## Жуыра «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің ашық мәжілісі өтті.

Жиында жеті мәселе қаралды. Ең бастысы - Компания бойынша 2025 жылғы және 2026 жылдың 1-тоқсанында орындалған өндірістік және қаржылық қызметтердің есебі тыңдалды. Сонымен қатар, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология саласындағы көрсеткіштер талқыланды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Құрманғазы Есқазиев аталған кезеңде ЕМГ-де өнім өндіру мен тапсыру көрсеткіштері артқанын баса айтты.

Айта кетейік, 2025 жылдың жоспары бойынша мұнай өндіру 2 813,0 мың тоннаға жоспарланса, бұл көрсеткіштің орындалуы - 2 850,09 мың тоннаны құрады. Яғни, жоспар 101,3% орындалды.

Сонымен қатар, мұнай тапсыру бойынша жоспарланған - 2 781,735 мың тоннаның орнына

іс жүзінде 2 822,34 мың тонна өнім тапсырылды. Бұл 101,5%-ды құрап отыр.

Газ өндіру бойынша жылдық көрсеткіш 242,7 млн м<sup>3</sup> болса, тауарлық газды өткізу 143,8 млн м<sup>3</sup> орындалған.

2026 жылдың 1-тоқсанындағы мұнай өндіру 700,24 мың тн, жоспарланып, 723,393 мың тоннаға орындалып отыр. Яғни, жоспардан 23,153 мың тоннаға артық өнімге қол жеткізілді.

Газ конденсатын өндіру 2,537 мың тоннаға жоспарланып, 4,0 мың тонна өнім өндірілді: жоспар іс жүзінде 1,463 мың тоннаға артық.

Ал, мұнай тапсыру (конденсатпен қоса) бойынша жоспар 691,704 мың тн болса, орындалысы 713,902 мың тоннаны құрады. Жоспар 22,198 мың тоннаға артық жүзеге асты.


Сонымен қатар, мәжіліс барысында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының хаттамалық тапсырмаларының орындалуы барысы, ҚМГ АҚ-ның 2026-2028 жылдарға арналған негізгі маңызды мақсаттары аясындағы іс-шаралардың (бағыттарды)

жүзеге асырылуы, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметінің 2026 жылға арналған корпоративтік және функционалды негізгі көрсеткіштерінің бекітілуі, ЕМГ комплаенс тобының 2025 жылғы 4-тоқсандағы есебі, инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы тыңдалды.

- Біз Директорлар кеңесінде Ембі өндірісі бойынша өзекті саналатын маңызды мәселелердің орындалуын тыңдаймыз. Алда кезегін күткен іс-шараларға талдау жасаймыз. Қазіргі нарықтық жағдайларға байланысты кешенді шаралар қолға алынуы керек. Біздің мақсатымыз мұнай өндіру мен оны сату, жаңа кен алаңдарды іздестіру, қорды толықтыру екені белгілі. Алайда, біз алдымен өндірісте еңбек етіп жатқан қарапайым еңбек адамының жағдайына баса назар аударуымыз керек. Біз үшін басты құндылық - адам өмірі. Мұнайшылардың қауіпсіз ортада, алаңсыз еңбек етулеріне жағдай жасау - міндетіміз. Сондықтан, осы жиында айтылған әрбір мәселенің жауапкершілік жүгі үлкен, - деп атап өтті К.Есқазиев. **ET**

## ҚҰРЫЛЫМ

## ЕМБІДЕ – ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУ



«ЕмбімұнайГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 6 сәуірдегі шешімімен **Бектемір Руслан Бектемірұлы** «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

Р.Бектемірдің қаржы және мұнай-газ ісі саласында жоғары білімі бар, сондай-ақ, мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі дәрежесіне ие. «Жоғары санатты мемлекеттік аудитор» біліктілігі бар.

Еңбек жолын 1998 жылы салық органдарында бастаған. Ішкі істер органдарында және экономикалық тексеру органдарында қызмет атқарған. Әр жылдары Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының мемлекеттік құрылымдарында басшылық лауазымдарда жұмыс істеп, Атырау облысының тексеру комиссиясының төрағасы болған.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің ішкі аудит департаментінің директоры, «МАЗК-Қазатомпром» ЖШС бас директорының орынбасары, «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС қызметінің басшысы қызметтерін, сондай-ақ, Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары лауазымын атқарды.

Бұған дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің басшысы қызметін атқарған.

Мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталған.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет жаңа лауазым иесін құттықтап, қызметіне табыс тіледі. **ET**

## ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР 2025



Мұнай және газ конденсатын өндіру (мың тн, ҚМГ үлесіне)

2024 ж. — 2 790

2025 ж. — 2 850

Өсім: +2,2%

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2025 жылғы өндірістік қорытындысы бойынша, еншілес мекемелер ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс көлемін арттырды. 2024 жылы ҚМГ үлесіне 2 790 мың тонна өндірілсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 2 850 мың тоннаға жетті.

## ТҰСАУКЕСЕР

## ЖАҢА ҒИМАРАТ ТЫНЫС СЕРПІН

## «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасына қарасты Шығыс Мақат кен орнының жаңа әкімшілік ғимаратының ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты рәсімге қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Құтжанов Абат доссорлық мұнайшыларды сәулеті келіскен жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

- Біздің компанияның басты құндылығы - адамдары. Сондықтан, жұмыскерлерімізге қызмет етуге ыңғайлы болатындай заманауи және функционалды кеңсе салдық. Жаңа ғимараттарыңыз құтты болсын! Өндірістік жоспарыңыздың орындалуына сәттілік тілейміз, - деді А.Құтжанов.

Нысан қазіргі сапа, қауіпсіздік және энергия тиімділігі стандарттарына сәйкес салынған. Жаңа кеңсе қызметкерлердің тиімді жұмыс істеуіне арналған 17 жайлы бөлмемен және заманауи технологиялармен жабдықталған кең кон-



ференц-залмен қамтылған. Құрылыс барысында заманауи шешімдер мен материалдар қолданылып, қызметкерлерге жайлы санитарлық-тұрмыстық жағдай жасалды. Кеңсе айналасына абаттандыру жұмыстары да жүргізілді.

Құрылыс жұмыстарын жүргізген «Сит-Строй» ЖШС-нің директоры Еркебұлан Ақпанов нысанның символикалық кілтін Шығыс Мақат мұнай дайындау және айдау цехының бастығы Марат Тайпановқа табыстады. Ал, керілген лентаны қию рәсімі Абат Құтжанов пен аталмыш цехтың 4 дәрежелі мұнай өндіру операторы Асан Жұбановқа ұсынылды.

Айта кетсек, Шығыс Мақат кен орны - Доссор мұнайының елеулі бөлігін беріп отырған қазыналы өндіріс ошағы болып саналады. Кеніште іздеу-барлау жұмыстары 1988 жылы басталып, №1 ұңғымадан 36 тонна мұнай шыққан. Сол кезден бұрғылау жұмыстары басталып, 1993 жылдан пайдаланыла бастаған.

Жаңа әкімшілік ғимарат қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға және өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға арналған. **ET**

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# ЖАҢҒЫРҒАН ТАРИХ

Ембімұнайгаз Доссорда жаңа музей-кітапхана кешенін салды



сондай-ақ, мұнай-газ саласының және Атырау облысының даму тарихына арналған бөлімдер. Кешен заманауи стандарттарға, атап айтсақ, жарықтандыру, жылыту және желдету жүйелері соңғы үлгідегі инженерлік талаптарға толық сай келеді.

- Мұндай кешен аудан тұрғындары үшін аса қажет. Музей 1978 жылдан бері жұмыс істеп

Осыдан 115 жыл бұрын Доссор өңірінде Қазақстандағы мұнай өндірісінің тарихы басталды. «Ембімұнайгаз» АҚ бұл атаулы кезеңге орай ауқымды шараларды қолға алуда. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының еншілес ұйымы – «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының қолдауымен және «Самұрық-Қазына» қорының қатысуымен Мақат ауданының Доссор кентінде заманауи музей-кітапхана кешені пайдалануға берілді.

Жалпы аумағы 700 шаршы метрді құрайтын нысан жергілікті тұрғындардың бастамасымен бой көтерді. Нысанның салтанатты ашылу рәсіміне Атырау облысы әкімінің, «ҚазМұнайГаз» компаниясы мен «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы, «Самұрық-Қазына» қорының өкілдері, сондай-ақ жергілікті тұрғындар мен мұнайшылар қатысты.

- «Ембімұнайгаз» компаниясы үшін бұл жоба - тарихи-мәдени мұраны сақтауға және Мақат ауданының тұрғындарының мәдени демалысына қолайлы жағдай жасауға қосқан үлесі. Әлеуметтік жауапты компания ретінде құрылымдық бөлімшелеріміз



орналасқан барлық ауданда жаңа нысандар салуға ерекше көңіл бөлеміз. Бүгінгі кітапхана және музей ғимаратының іске қосылуы – отандық компанияның жергілікті халыққа деген үлкен құрметінің көрінісі. Аудан тұрғындарының бастамасын қолдағанымызға қуаныштымыз, - деді «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет нысанның салтанатты ашылу шарасында.

Кешен бірнеше арнайы функционалдық аймаққа бөлінген. Кітапхана бөлігінде заманауи компьютерлік техникамен жабдықталған 50 орындық оқу залы жұмыс істейді, сондай-ақ, балаларға арналған жеке бөлім қарастырылған. Көру қабілеті шектеулі жандар үшін Брайль жүйесімен жабдықталған арнайы кабинеттер де бар. Жалпы кітап қоры 30 мың данаға жуықтайды. Музейдің экспозициялық залы 4 500-ден астам экспонатты қамтиды және бірнеше тақырыптық бөлімдерге бөлінген: этнографиялық бұрыш,

келеді. Бұған дейін өзге мекеме ғимаратындағы бөлмелерде жұмыс жасап келгенбіз. Енді бүгін өзіміздің жеке зәулім нысанға көшіп отырмыз. Алғашында небәрі 314 жәдігермен басталған қор бүгінде едәуір толыққан. Алдағы уақытта жас ұрпақтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында әртүрлі бағыттағы көптеген іс-шара өткізетін боламыз. Оның ішінде кездесу кештері, квест ойындар, лекциялар оқылады, - дейді Мақат аудандық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Құралай Айдаралиева.

- Әрбір жас өзінің тарихын білу керек. Музей – тарих. Сондықтан, бұл – тәрбие. Әрбір экспонат тарихтан сыр шертіп тұр. Бұл болашақ жастарды отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелейтін орын деп білемін, - дейді Доссор кентінің тұрғыны Роза Үмбетова.

Бүгінде бұл өлкеде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрамындағы өндірістік құрылымдық бөлімшелердің бірі – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы өз қызметін жалғастырып келеді. Ғасырдан астам тарихы бар Доссор мұнайының шежіресін сақтап, бүгінгі буынға жеткізуді мақсат еткен бұл кешен өткен мен болашақты жалғайтын маңызды кеңістік ретінде қалыптасуда. Жергілікті тұрғындардың игілігіне берілген нысан алдағы уақытта мәдени, танымдық және тәрбиелік шаралардың орталығына айнамақ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Осындай тақырыппен жуырда «Атырау облыстық арнайы мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде әлеуметтік жоба ұйымдастырылды. Оған «Samruk-Kazyna Trust» қорының Бас директоры Альфия Адиева мен «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова және облыстық білім беру басқармасының ұжымы қатысты.

## АЛАҚАНДАҒЫ КҮН



Әлеуметтік жобаның аясында «Ембімұнайгаз» АҚ бастамасымен «Samruk-Kazyna Trust» қорының қаржыландыруымен аталмыш мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Нақтыласақ, интернаттың жатақханасы жаңа жиһаздармен: жатын бөлмелер киім шкафтарымен, керуеттермен, төсек-орындармен толықтай қамтылды. Жатақхана асханасы заманауи электрлі плиталармен де жабдықталды.

Мектеп-интернат тәрбиеленшілері - көру қабілеті бұзылған балаларға арналып Оңтүстік Корея елінен Dot Pad 320 планшеті алынып, Брайль қарпі арқылы мәтіндермен жұмыс істеуге және графикалық бейнелерді жасауға мүмкіндіктер жасалды. Dot Pad 320 планшеті – Қазақстандағы көру қабілеті бұзылған балаларға арналған алғашқы интеллектуалды тактильді-графикалық құрылғы. Бұл құрылғы ақпаратты қабылдаудың, оны жоғары дәліппен тактильді форматқа айналдырудың, түрлі графикалар жасаудың жаңа деңгейін ұсынады.

- Бұл бірлескен жұмыстың мақсаты - білім ордасының материалдық базасын жаңарту ғана емес, балалардың болашағына, олардың өздеріне деген сенімдерін нығайтуға, қоғамға толыққанды бейімделуіне мүмкіндік орнату. Осы орайда біздің тұрақты серіктесіміз - «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымына шексіз алғыс айтамыз. Бүгінгі әлеуметтік жобаның жүзеге асуына қаржылық қолдау көрсеткен «Samruk-Kazyna Trust» қорының ұжымына да алғысымыз зор», - деп атап өтті өз сөзінде Атырау облыстық арнайы мектеп-интернатының директоры Ләззат Төлепова.



# ЖЕТІ ҚАТ ЖЕР АСТЫНАН ҚАЗЫНА ІЗДЕГЕН

Отандық мұнай өндіруші компания – «Ембімұнайгаз» АҚ бүгінгі таңда негізінен қиын алынатын қорлармен (КАК) жұмыс істеуде. Бұл - ембіліктер үшін сын ғана емес - шыңдалу, оны жаңа технологияларды іске қосу арқылы қабылдаймыз. Нақты қандай жаңа әдістер деген сауалға көшсек. Соңғы жылдары бірнеше инновациялық жобалар қолға алынды: қойнауқаттық полимерлі су айдау және ыстық суды айдау, 200 метр тереңдіктегі және Қазақстан үшін ерекше саналатын ұңғымаларды көлбеу сағалы горизонталды бұрғылау әдістерін қолданудан бастап, өндірістік гидравликалық жарылыс (ГЖ) жұмыстары қолға алынууда. Қазірдің өзінде нәтиже айқын: 2025 жылы КАК-тан алынған мұнай 794 мың тоннаға жетті, ал, ағымдағы жылғы мақсат – бұл көрсеткішті 1 млн тоннадан асыру.

Технологиялық мониторингтің экономикалық тиімділікті арттырудағы рөлі туралы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның кен орындарын игеру бойынша бас инженері Тілек Қажыммен әңгімелестік.

– Сұхбатымызды стратегияны анықтайтын саналық деректерден бастайық. Бүгінгі күні ресурстық базаның құрылымында қиын алынатын қорлардың үлесі қандай?

– Ембі кен орындарының дені игерудің жоғарғы сатысындағы кеніштер санатынан. Бұл кезең, әрине, қиын алынатын қорлардың үлесінің өсуімен байланысты. Бүгінгі күні алынатын қорлардың 52 пайызы қиын алынатын қорлар болып табылады. Табиғи сарқылуың орнын толтыру үшін біз инновациялық технологияларды белсенді түрде қолға алып, оларды өндіріске енгізу стратегиясын жүзеге асырудамыз. Солардың бірі – қойнауқатты гидравликалық жару әдісі. 2024 жылдан бастап біз тәжірибелік-өндірістік сынақтар аясында гидравликалық жарылыс әдісін аз тереңдіктегі горизонттарда белсенді түрде енгізуді бастадық. Гран, Жанаталап, Оңтүстік -Батыс Қамысты кен алаңдары мен Шығыс Молдабек учаскесіндегі пилоттық жұмыстар технологияның тиімділігін дәлелдеді. Мұнда тереңдік 200 метрден бастап 1000 метрге дейін жетеді. Мұндай әдістер төменгі тереңдіктерді игеру стандартты тәсілдерді қайта қарауды талап етті. Біз геомеханикалық модельдеуді мұқият жүргізіп, жарылыстардың жоғарыға бағытталу қаупін болдырмау үшін арнайы шаралар қабылдадық. Жарылыстың ені мен өткізгіштігін арттыру үшін Tip Screen-Out әдісін қолдандық. Ембі кен орындары үшін біз RCP-проппантты (полимерлі қаптамамен) қолдандық, ол тұрақты қатты матрица қалыптастырып, ұңғыманың бұзылуын болдырмайды. Сонымен қатар, синтетикалық гельдерді қолданамыз, олар жарылыстың тұтқырлығын дәл бақылап, оның толық тазартылуын қамтамасыз етеді.

– Экономикалық тиімділік мәселесі өте маңызды. Қандай шығындарды азайту көрсеткіштеріне қол жеткізіңіздер?

– Біз гидравликалық жарылыс (ГЖ) құнын 20-30% төмендетуді алдық. Бұл бірнеше шаралардың арқасында мүмкін болды. Біріншіден, ұңғымаларды дайындау және игеру жұмыстарын өзіміздің ұңғымаларды жөндеу бригадаларымыз арқылы

жүзеге асырамыз. Екіншіден, базалық сервис ставкаларын 30%-ға азайттық. Үшіншіден, әр ұңғыма үшін флоттың толық мобилизациясын төлеудің орнына, ұңғымалар арасында бір кен орнында көшіру құнын енгіздік – бұл әлдеқайда арзан. Сайып келгенде, ағынды әдіске көштік: өзіміз 5-7 ұңғымадан тұратын пул дайындаймыз, кейін мердігер бір циклда ГЖ жұмыстарын жүргізеді, бұл тоқтап қалуы болдырмайды.

– Гидравликалық жарылыс бағдарламасының саналық нәтижелері қандай және алдағы жылдардың жоспарына тоқталсақ?

– Бағдарламаның іске асырылу динамикасына шолу жасаудан бастайын. 2024 жылы 7 ГЖ операциясын сәтті аяқтадық. 2025 жылға 45 операцияға ұзақ мерзімді келісім-шарт жасалды. 2026 - 2027 жылдары әр жылға 40 операция жоспарланған. Технология Жанаталап, Оңтүстік-Батыс Қамысты, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Гран, Б.Жоламанов кен орындарының және Шығыс Молдабек учаскесінің бор және юра кезеңдерінде таралды. Экономикалық тиімділік тұрғысынан, бір ұңғымадан ГЖ жүргізгеннен кейінгі қосымша орташа тәуліктік дебит 3 тонна мұнайды құрайды, бұл шығындарды азайту мен технологияның жоғары рентабельділігін растайды. Ал,

компаниядағы геология саласының бүгіні мен ертеңі



өндірудің 20%-ын қамтамасыз етеді. Шығыс Молдабек учаскесі мен Қарсақ кен орнында горизонталды бұрғылау әдісі жоғары тұтқырлы мұнайды игеру үшін белсенді түрде қолданылады. Бұл кен орындарының бор қабаттарында қазірдің өзінде 33 ұңғыма бұрғыланды, олардың ағымдағы жалпы тәуліктік дебиті – 338 тонна.

жобаны сәтті жүзеге асырдық. Қазіргі уақытта Қосшағыл кен орнында тәжірибелік-өндірістік сынақтар аясында 2 ұңғыма бұрғыланды. Геофизикалық зерттеулер нәтижесінде горизонталды стволдардың барлық мұнай қабаттарын толығымен қамтығаны расталды. Қазір ұңғымаларды игеру жұмыстары жүргізілуде, кейін бұрғылау қондырғысы Қарсақ кен орнына көшіріледі. Онда биыл 1 ұңғыма бұрғылау жоспарланған. Егер тәжірибелік-өндірістік сынақтар сәтті болса, бұл технология бүкіл Қазақстанда өте терең қабаттарды игеруге мүмкіндік береді.

– Мұнай көлемін арттыру мақсатында гидравликалық жарылыс және горизонталды бұрғылау әдістерінен бөлек, тағы қандай жаңа жобаларды қолданасыздар?

– 2014 жылдан бастап Забурын кен орнында, ал, өткен жылдан бастап Шығыс Молдабек учаскесінде полимерлі су айдау технологиясы енгізілді. Бұл әдістің тиімділігі – су өтуін азайту арқылы қосымша мұнай өндіруге мүмкіндік беруде. 2024 жылдан бастап Шығыс Молдабек учаскесінде ыстық су айдау бойынша тәжірибелік-өндірістік сынақтар жүргізіле бастады. Бұл технология мұнай тұтқырлығын азайтуға бағытталған және оның жылжуы мен дебитін арттырады. Тәжірибелік-өндірістік сынақтардың нәтижесі бойынша біз технологияны өнеркәсіптік деңгейде енгізу және кеңейту туралы шешім қабылдаймыз. Сондай-ақ, бүйірлік горизонталды стволды кесу әдісін белсенді қолданамыз.

– Орта мерзімді перспективада қандай технологияларды басым бағыт ретінде қарастырып отырсыздар?

– Жоғарыда айтып кеткендей, бүгінгі күні алынатын қорлардың 52 пайызы қиын алынатын қорлар болғандықтан, біз екі негізгі бағытты ауқымды түрде дамытуды жоспарлап отырмыз. Біріншісі — бұжылулық әсер ету, яғни, ауыр мұнайдың тұтқырлығын төмендету үшін бұды пайдалану. Екіншісі — қайта аяқтау (вторичное заканчивание). Бұл көлденең ұңғымаларда ағынды автономды бақылау құрылғылары бар компоновкаларды енгізу арқылы су келетін аралықтарды селективті оқшаулауға және өндіруді дәл басқаруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, геология және игеру блогы мұнай саласының жаһандық нарығын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын үздіксіз бақылап отыратынын атап өткен жөн. Технологиялардың қарқынды дамуы — күрделеніп келе жатқан геологиялық құрылым мен дәстүрлі қорлардың сарқылуы жағдайында өндірудің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі құралдың бірі. Біз мәселенің күрделі деңгейге жетуін күтпейміз, керісінше, әлемдік үрдістерді талдап, үздік шешімдерді өзіміздің геологиялық жағдайларға бейімдейміз.

– Сұхбатыңызға рахмет! ET



2026 жылдан бастап біз пласттық суды таза судың орнына қолдану жаңа стандартына көшеміз. Біріншіден, пласттық су қабаттың минералогиясына жақсы үйлеседі, бұл саздардың ісіну қаупін азайтады. Екіншіден, экологиялық тұрғыдан дефицитті таза судан толық бас тарту аймақтың экожүйесіне салмақты жүктемені айтарлықтай азайтады.

– Компания үшін тағы бір маңызды бағыт – горизонталды бұрғылау. Бұл бағытта табысымыз қандай?

– Біз «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның еншілес ұйымдары арасында горизонталды ұңғымаларды бұрғылау бойынша көшбасшы болып табыламыз. 2019 жылдан бері 100-ден астам горизонталды ұңғыма пайдалануға берілді, олар бүгінгі күні жалпы мұнай

Біздің мақсат – тереңдігі 80-180 метр аралығында орналасқан терең қабаттарда ұңғымаларды бұрғылау. Бұл жерлерде вертикалды ұңғымалар тиімсіз: олар 0,3-1,2 тонна тәулігіне дебит береді және 97%-дан астам су қоспасын құрайды. Бұл қабаттарда қалған алынатын қорлардың жалпы көлемі 1,5 миллион тонна. Дәстүрлі горизонталды бұрғылау бұл тереңдіктерде қиын, өйткені, бұрғылау бұрышын азайту кезінде агрессивті бұрыштың жиынтығы мәселесі туындайды.

Сондықтан, біз бұрғылаудың инновациялық әдісін – 45° бұрышпен бұрғылау қондырғысын таңдадық. Бұрын мұндай құралдарды қолдану тәжірибесі болмағандықтан, бұл мәселе үлкен тәуекелдер тудырды. Бірақ, біз осы қадамға барып, Қазақстанда алғаш рет осы



■ **ФИБРАТ**

Жиын барысында «Ембімұнайгаз» АҚ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшылығы, Сағидолла Нұржановтың жетекшілігімен еңбек жолын бастаған ардагер мұнайшылар да оның іскерлігі мен адамгершілігі туралы толғана әңгімеледі. Майталман мұнайшының туыстары мен ембілік әріптестері кен орнындағы бюстіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Бұл сәт өткенге құрмет, бүгінге сабақ, ертеңге аманат іспетті болды.

Тағылымды шара мазмұнды көрме арқылы өз жалғасын тапты. Шара барысында Сағидолла Нұржановтың өмірі мен еңбек жолынан арнайы ұйымдастырылған көрмеде мұнайшының өмірінен сыр шертетін құнды деректер мен мұрағаттық материалдар ұсынылды.

Еске алу шарасы «Ембімұнайгаз» компаниясының орталық кеңсесінде жалғасты. Ардагер мұнайшының өмірі мен еңбектері туралы арнайы деректі фильм көрсетілді.

- Мұнай саласы ардагерлерін, соның ішінде, жаңа кен орындарын алғаш ашушыларды ұлықтаудың маңызы ерекше. Ұрпақтар сабақтастығы дәстүрін жақсы жолға қойып келе жатқан қарашаңырақ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бұл үрдісі – өзге еншілес мекемелерге үлгі. Сағидолла Нұржановтың есімі берілген кен орны бүгінде «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясында алдыңғы қатарлы өндіріс алаңдарының бірі саналады, - деді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев.

- Сағидолла Нұржанов кен орындарын игеруде, «Прорвамұнай» мұнай басқармасының негізін қалыптастыруда, өндірісті жүйелеуде айрықша қолтаңбасын қалдырған ірі ұйымдастырушы болды. Оның есімі Қазақстанның

# ҚАЗЫНАЛЫ ӨЛКЕНІҢ ТАРЛАНЫ

## Майталман мұнайшы Сағидолла Нұржановтың 100 жылдығы аталып өтті



Уақыт өткен сайын тұлғаның биігі аласармайды, керісінше айқындала түседі. Еңбекпен жазылған өмір жолы ғана ұрпақ жадында ұзақ сақталатыны белгілі. Осындай ғұмыр иелерінің бірі – мұнай саласының дамуына сүбелі үлес қосқан, КСРО-ның құрметті мұнайшысы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген майталман мұнайшысы Сағидолла Нұржанов. Биыл аңыз тұлғаның туғанына 100 жыл толуына орай «Ембімұнайгаз» АҚ-да тағылымы терең, мазмұны бөлек еске алу шарасы өтті. Екі күнге созылған ардагерлі еске алу шарасы Прорва кен алаңдары тобында Сағидолла Нұржановтың есімі берілген кеніште бастау алды. Бұл жиынның символдық мәні ерекше болды. Өйткені, дәл осы топырақта оның табанды еңбегі, ізденісі мен жаңашылдығы қалыптасып, үлкен нәтижелерге жол ашты.



мұнай-газ саласының тарихында алтын әріптермен жазылды. Ол қай қызметте жүрсе де жаңашылдыққа ұмтылды. «Прорвамұнай» басқармасын басқарған кезеңі кәсіби шеберлігінің шарықтау шыңы болды десек қателеспейміз. Нағыз сала маманы ретінде ұжымды жаңа белестерге бастап, өндірісті дамытуға тың серпін берді. Әсіресе, мұнай өндіруді автоматтандыру, басқару жүйесін бір орталыққа жүйелендіру сияқты жаңашыл бастамалары өндіріс

тиімділігін арттырып, еңбек өнімділігін еселеді. Бұл – нағыз көреген басшыға тән қасиет, - деді «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет. - «Әке – отбасының шамшырағы» дейді ғой, сол шамшырақ бізге өмір бойы бағыт көрсетіп келеді. Әкеміз бізді еңбекқорлыққа, адалдыққа, қарапайымдылыққа тәрбиеледі. «Атадан жақсы ұл туса, елінің туы болады» деген сөздің мәнін біз әкеміздің өмірінен көрдік. Жеті бала тәрбиелеп өсірген әкеміздің

әрбір айтқан ақылы – біз үшін өмірлік бағдар. Бүгінде төрт ұлы әке жолын жалғап, мұнай саласында еңбек етуде. Бұл – әке аманатына деген адалдықтың көрінісі. «Әке көрген оқ жонар» демекші, біз оның жолын жалғауды парыз санаймыз. Оның еңбегі мен ғұмырдариясы – жүрегіміздегі мәңгілік шамшырақ. Әкеміздің рухына тағзым етіп, құрмет көрсетіп жатқан барша азаматтарға шексіз алғысымызды білдіреміз, - деп, Сағидолла Нұржановтың қызы Шарбат Нұржанова әкесінің

жылы естеліктері туралы өнегелі өмірі мен адамдық болмысын тебіреніспен жеткізді.

Еліміздің мұнай өндірісінің бастауында тұрған Ембі мұнайшыларының еңбегі Қазақстанның индустриялық тарихының маңызды бөлігі болып саналады. Сағидолла Нұржанов – тек білікті маман емес, шебер ұйымдастырушы да болды. Ол үшін өндірістегі басты құндылық – адам еді. Майталман мұнайшы Атырау өлкесінде ғана емес, сонымен қатар, Маңғыстау өңірінде де мұнай өнеркәсібінің дамуына үлес қосты. Оның кәсіби шеберлігі, ұйымдастырушылық таланты, адами қасиеттері Ембі мұнайшыларының болашақ ұрпағы үшін үлгі-өнеге болып қала бермек. **ET**

# ТАРИХИ ТРЕБЛ



«Ембімұнайгаз» АҚ футбол командасы биылғы маусымда нағыз сенсация жасап, Атырау футбол лигасы тарихындағы тұңғыш үш дүркін чемпионы атанды. Ағымдағы жылдың қаңтар айында басталған байрақты дода маусымында сарапқа салынатын 3 бірдей турнирдің жеңімпазы атанып, трепл жасады. Атап айтсақ, Жоғарғы лиганың чемпионы, Атырау облысы футбол федерациясы кубогының иегері және Атырау лигасының кубогын иемденді.

Команда ойыншылары мен бапкерлік құрамды «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет қабылдап, мұнай-газ саласын және өңірде салауатты өмір салтын дамытуға қосқан үлестеріне алғыс айтты. - Атырау футболы тарихында биылғы маусымда

үлкен жетістіктерге жеткен «Ембімұнайгаз» АҚ командасының ерлігі көпке үлгі. Сіздерге бүкіл Ембі ұжымы жанкүйер болды. Компания атынан мұндай турнирлерге қатысу – корпоративтік байланысты, қоғамдық ынтымақтастықты нығайтады. Қызмет пен спортты қатар алып



жүріп, команда сапында тамаша ойын өрнегін көрсеткен сіздерге ризашылығымызды білдіреміз, - деп атап өтті Р.Ізмұханбет.

Айта кетейік, футбол чемпионатында биылғы байрақты бәсекеде 15 команда бақ сынасып, 14 ойын өткізді. 12 жеңіс, 1 жеңіліс және 1 тең нәтижемен турнирлік кестеде көш бастаған ембілік ойыншыларға тең келер ешкім болмады. Ал, кубок сарапқа салынған жарыстарда 69 команда алаңға шықты. Федерация кубогының ақтық сынында «Дамбы» командасына дес бермей, 3:0 есебімен жеңіске жетті. Ал, Атырау лигасы кубогының финалында «Доссор» командасымен

кездесіп, ембіліктер 5:0 есебімен қарсыласты тізе бүктірді.

- Командалардың деңгейі жыл сайын артып келеді. Мықты ойыншылар қатарға қосылуда. Төрт айға созылған чемпионат барысында өзіміз еңбек ететін компаниямыздың қолдауын сезіндік. Уақытылы жаттығу жасау үшін ойын залдарымен қамту, арнайы спорттық формаларын алу сынды жауапты іс-шаралар дер кезінде жүзеге асып отырды. Жанкүйерлердің де қолдауы зор болды. Бір компания – бір команда! Ортақ жеңіс құтты болсын!, - дейді команда капитаны Жақсылық Амандосов.

Компанияда футбол командасы 15 жыл бұрын жасакталды. Содан

бері оператор, слесарь, электр монтер, жүргізушілерден құралған команда жыл сайын еңбекпен шыңдалып, жеңіспен жігерленіп келді. Жыл сайынғы турнирлерге белсенді қатысып, үлкен тәжірибе жинақтады. Бұған дейін 2015, 2017 жылдардағы турнирлерде чемпион атанды. Жылдар бойғы үлкен еңбек пен тердің нәтижесі биылғы жетістікке тағы жетеледі.

Маусым қорытындысымен, ембіліктер жеке лей номинациялар бойынша да топ жарды: «2026 жылдың үздік бапкері» - Қуандық Калидумин, «Үздік ойыншы» - команда қақпашысы Алтынбек Косекен, «Үздік қорғаушы» - Жақсылық Амандосов атанды. **ET**

Өткен аптада «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің арасында іріктеу спартакиадасы өтті. Аталған спорттық шара Компанияда жуырда қабылданған Сауықтыру бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылды.

400-ден астам ембілік мұнайшы спорттың 15 түрінен төрт күн бойы бақ сынасты. Спартакиаданың алғашқы күні футбол, баскетбол, волейбол (әйелдер), киберспорт, үстел теннисі, тоғызқұмалақтан спортшылар жарыс алаңына шықты. Ал, бірлік пен намыс, жігер мен жалын сарапқа салынған жарыстың екінші күні шағын футболдан және әйелдер арасындағы волейболдан

шешуші ойындар өтіп, жеңімпаздар анықталды. Сонымен қатар, шаршы тақтада шахматшылар кездесті.

Үшінші күні жарыс алаңына волейболдан ерлер командалары, садақшылар және бильярд ойыншылары шықты. Сүрмергендер сынға түскен дәстүрлі садақ ату жарысында қатысушыларға бес мүмкіндіктен берілді. Ал, бильярд жарысы айналмалы жүйе бойынша жоғары деңгейде өтті.

Байрақты доданың соңғы күні волейбол (ерлер), жеңіл атлетика (эстафета), армрестлинг (ерлер, әйелдер), бес асық, асық ату, жүзу (ерлер 400 м, әйелдер 200 м), арқан тарту спорттарынан мықтылар анықталды.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері медаль, диплом, кубоктармен марапатталды.

## МҰНАЙШЫЛАР СПОРТТА ДА ЖҮЙРІК



### БАСКЕТБОЛ

- 1 орын - "Жылыоймұнайгаз" МГӨБ  
2 орын - "Ембімұнайэнерго" басқармасы  
3 орын - ӨТКЖЖК басқармасы



### ҮСТЕЛ ТЕННИСИ (ӘЙЕЛДЕР)

- 1 орын - Тамара Сабирова ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Гүлжайна Ғұмарғалиева ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Бактыгүл Нұрқасимова ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)

### ҮСТЕЛ ТЕННИСИ (ЕРЛЕР)

- 1 орын - Қуаныш Айтуғанов ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Равиль Кабасов ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Асылбек Ғаллам ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)

### КИБЕРСПОРТ

- 1 орын - "Қайнармұнайгаз" МГӨБ  
2 орын - "Доссормұнайгаз" МГӨБ  
3 орын - "Жайықмұнайгаз" МГӨБ

### ШАХМАТ (ӘЙЕЛДЕР)

- 1 орын - Құралай Сағинаева (Басқару аппараты)  
2 орын - Ақмарал Усалиева ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Орынгүл Жанайсова ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)

### ШАХМАТ (ЕРЛЕР)

- 1 орын - Асылбек Ғаллам ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Ерлан Жұмағалиев ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Әділ Дәулетов (Басқару аппараты)

### ШАҒЫН ФУТБОЛ

- 1 орын - "Жылыоймұнайгаз" МГӨБ  
2 орын - "Доссормұнайгаз" МГӨБ  
3 орын - "Жайықмұнайгаз" МГӨБ

### ВОЛЕЙБОЛ (ӘЙЕЛДЕР)

- 1 орын - "Жайықмұнайгаз" МГӨБ  
2 орын - "Жылыоймұнайгаз" МГӨБ  
3 орын - "Доссормұнайгаз" МГӨБ

### ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ (ӘЙЕЛДЕР)

- 1 орын - Айнұр Мендібай ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Гүлзира Алдашбаева ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Элеонора Бакарова (Басқару аппараты)

### ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ (ЕРЛЕР)

- 1 орын - Ғабиден Шанқанов ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Ақылбек Естеков ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Болатбек Сағынғалиев ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)

### САДАҚ АТУ (ЕРЛЕР)

- 1 орын - Нұрлан Әбенев ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Мұратбек Шағиров ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Мақсот Айдарбаев ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)



### САДАҚ АТУ (ӘЙЕЛДЕР)

- 1 орын - Жанар Сәрсенғалиева ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Мадина Шартикова ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Әсел Төлеубаева (Басқару аппараты)

### БИЛЬЯРД

- 1 орын - Ғабиден Шанқанов, Марат Дүйсенғалиев, Бактығали Бекмағамбетов ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Жолдас Ильясов, Асқар Нұрбауов, Эдуард Хисметулмин (Басқару аппараты)  
3 орын - Мәлік Тналиев, Қайрат Смаилов, Мақсот Төлешов ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)

### ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА (ЭСТАФЕТА)

- 1 орын - "Жылыоймұнайгаз" МГӨБ  
2 орын - "Жайықмұнайгаз" МГӨБ  
3 орын - "Доссормұнайгаз" МГӨБ

### АРМРЕСТЛИНГ (ЕРЛЕР, -80 КГ)

- 1 орын - Нұрбек Сапаров ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Байсейіт Нұрғанов ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Ерқасым Ерланұлы ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)

### АРМРЕСТЛИНГ (ЕРЛЕР, +80 КГ)

- 1 орын - Диас Қожағали ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Шабай Аманбай ("Ембімұнайэнерго" басқармасы)  
3 орын - Сырымбек Сәрсенбай ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)

### АРМРЕСТЛИНГ (ӘЙЕЛДЕР, -65 КГ)

- 1 орын - Қарашаш Өмірзақова ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Мәншүк Төлепова ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Айымгүл Жұмағұлова ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)

### АРМРЕСТЛИНГ (ӘЙЕЛДЕР, +65 КГ)

- 1 орын - Дария Бегалиева (Доссормұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Зарина Набиева ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Ләззат Сағызбаева ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)

### ВОЛЕЙБОЛ (ЕРЛЕР)

- 1 орын - "Жылыоймұнайгаз" МГӨБ  
2 орын - ӨТКЖЖК басқармасы  
3 орын - "Қайнармұнайгаз" МГӨБ

### ЖҮЗУ (ЕРЛЕР 400 М, -40 ЖАС)

- 1 орын - Исатай Теміров (Басқару аппараты)  
2 орын - Әли Бексейітов ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Токтар Есенғали ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)

### ЖҮЗУ (ЕРЛЕР 400 М, +40 ЖАС)

- 1 орын - Амантай Тағанязов ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Ақылбай Елемесұлы ("Ембімұнайэнерго" басқармасы)  
3 орын - Нұрлан Әбенев ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)

### ЖҮЗУ (ӘЙЕЛДЕР 200 М, -40 ЖАС)

- 1 орын - Дана Сауенова ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Гаухар Бекмағамбетова ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Гаухар Токтосунова ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)

### ЖҮЗУ (ӘЙЕЛДЕР 200 М, +40 ЖАС)

- 1 орын - Шамшия Билялова ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Жаннат Өтепова ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Марал Жексенбаева ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)

### БЕС АСЫҚ

- 1 орын - Гаухар Мекебаева ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Марта Қарғабаева ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
3 орын - Ания Баймағамбетова ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)

### АСЫҚ АТУ

- 1 орын - Серік Әбілғазиев ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)  
2 орын - Ерлан Ускенбаев (ӨТКЖЖК басқармасы)  
3 орын - Рахымжан Теміров ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)

### АРҚАН ТАРТУ

- 1 орын - "Жайықмұнайгаз" МГӨБ  
2 орын - "Қайнармұнайгаз" МГӨБ  
3 орын - "Доссормұнайгаз" МГӨБ

### ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ ТОП ЖАРҒАН ҰЖЫМДАРҒА АУЫСПАЛЫ КУБОК ПЕН СЕРТИФИКАТТАР ТАБЫСТАЛДЫ:

- 1 орын - "Жайықмұнайгаз" МГӨБ (814 ұпай)  
2 орын - "Қайнармұнайгаз" МГӨБ (774 ұпай)  
3 орын - "Жылыоймұнайгаз" МГӨБ (762 ұпай)

## ОЛАР - ҮЗДІКТЕР

«Ембімұнайгаз» АҚ еңбек ұжымдары арасындағы спартакиадада командалық жарыс түрлерінен жеке-лей номинацияларда үздіктер анықталды.

Төрешілердің шешімімен ерекше ойын үлгісін көрсеткен ембіліктер арнайы диплом, сыйлықтармен марапатталды.

### БАСКЕТБОЛ:

- "Үздік орталық ойыншы" - Ерлан Құрманғалиев (ӨТКЖЖК басқармасы)  
"Үздік қорғаушы" - Ержан Сапарғалиев ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік сүрмерген" - Асылбек Жаңбырбаев ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік шабуылшы" - Надырбек Жауғашты ("Ембімұнайэнерго" басқармасы)

### КИБЕРСПОРТ:

- "Үздік ойыншы" - Асланбек Отарғалиев ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)

### ШАҒЫН ФУТБОЛ:

- "Үздік қақпашы" - Асланбек Елешов ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік ойыншы" - Ажмұхан Жұмахмет ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік қорғаушы" - Асқар Дәулетқазиев ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік шабуылшы" - Жалғас Шуақбаев ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік сүрмерген" - Әли Бексейітов ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)

### ВОЛЕЙБОЛ (ЕРЛЕР):

- "Үздік шабуылшы" - Серік Ибраев ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік қорғаушы" - Құрал Абденов ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік байланыстырушы" - Наурызбек Құनियाзов ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік тосқауыл қоюшы" - Ризабек Баесенов (ӨТКЖЖК басқармасы)

### ВОЛЕЙБОЛ (ӘЙЕЛДЕР):

- "Үздік шабуылшы" - Қарашаш Өмірзақова ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік қорғаушы" - Гаухар Насиболатқызы ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік байланыстырушы" - Айымгүл Жұмағұлова ("Доссормұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік тосқауыл қоюшы" - Жанаргүл Хасанова ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)

### ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА:

- "Көрермендер көзайымы" - Дана Сауенова ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)  
"Үздік жеңіл атлет" - Жұмабай Молдашұлы ("Жылыоймұнайгаз" МГӨБ)

### АРҚАН ТАРТУ:

- "Ардагер спортшы" - Қуанышбек Туралиев ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
"Темір адам" - Наби Садыров ("Жайықмұнайгаз" МГӨБ)

### БИЛЬЯРД:

- "Ардагер спортшы" - Бактығали Бекмағамбетов ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)  
"Ең қысқа партия" - Марат Дүйсенғалиев ("Қайнармұнайгаз" МГӨБ)

# ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАНДАР

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығы тойланады. Талай жылдар өтсе де, бұл соғыс әкелген қасіреті жағынан аса елеулі оқиға болып тарихта мәңгілікке қалады. Сол отты жылдар қаһармандарының өмірбаяндары әртүрлі. Бірі майданда ерлік көрсетсе, енді бірі жанқиярлықпен еңбек етті.

Әсіресе, Ембі мұнайы майдан үшін, ондағы танктер мен ұшақтарға, автокөліктер мен пойыздарға жан бітіру үшін ауадай қажет болатын.

Доссор мен Мақаттың, Байшонас пен Қаратонның, Ескененің және басқа да Ембі кәсіпшіліктерінің мұнайшылары соғыстың ауыр жылдарында майдан үшін қара алтынды өндіріп, ерлікпен пара-пар қызмет атқарды.

Кәсіпшіліктерде арнайы «майдандық» бригадалар ұйымдастырылған болатын. Соғыс жылдары Ембіде 3 кен орны ашылды. Бұл айдарда біз ембілік мұнайшылардың Жеңісті жақындатуға қосқан еңбектерінен топтаманы назарларыңызға ұсынамыз.

Зұлмат кезеңнің алғашқы күнінен бастап Доссор, Сағыз, Байшонас, Мақат, Ескене, Қосшағыл, Құлсары... небәрі 9 мұнай кәсіпшілігі өз өнімдерін еселеп беруге күш салып, майданға мұнайды эшелондап жөнелтіп отырды. Өлке мұнайшыларының қажырлы еңбегі Ембі мұнайлы ауданының атағын елімізге әйгілі етіп, Қазақстанды Одақтың үшінші қара алтынды аймағына айналдырды.

Соғыс жылдарында Ембі мұнайшылары Қызыл әскеріміз, Отанымыз үшін мұнайды

бірі болып, 12 сағаттық жұмыс күніне көшті. Еш қиындыққа қарамастан, мұнайшылар мұнай өндірудің жоспарын 120-125 пайызға асырып орындады.

Соғыс жылдары мұнай өндіру көлемі 800 мың тоннаға жетті.

Ембі мұнайшыларының соғыс жылдары Қошқар, Комсомол, Жолдыбай, Тентексор кен орындарын пайдалануға берді. Жалпы, 1941-1945 жылдардың аралығында Гурьев облысы мұнайшылары Отанға 42 970 тонна мұнай өткізген.

қысқа мерзімді курстар жүргізді. 1941 жылдың аяғында мұнай кәсіпшілігінде жұмыс істейтін әйелдер саны 2386-ға жетті. Соның ішінде, 132 қыз-келіншек бұрғылау жұмысын меңгеріп, тереңде жатқан мұнайлы қабаттарға із салып, ағалар ісін тоқтатпай жалғастырды.

Балжан Жұмағалиева Доссор кәсіпшілігін басқарып, мұнай өндірісін алғаш басқарған әйел ретінде тарихта есімі сақталды. Ал, Балғаным Досбаева мұнай кәсіпшіліктерінде жұмысшылар жетіспей жатқанда әйелдерді қара

алтынды өндіруге шақырып, тұңғыш болып Одақта қыз-келіншектерден құралған бригада жасақтады. Ол жетекшілік еткен учаске жоспарды үнемі 150 пайызға орындап, КСРО Жоғарғы кеңесінің депутаттығына 3 мәрте сайланған алғашқы қазақ әйелі болды.

Соғыс алдында Гурьев мұнайын Орсктегі мұнай өңдеу зауытына жеткізу үшін ұзындығы 800 шақырым «Каспий-Орск» мұнай құбыры іске қосылды. Құбырдың бойына мұнайды айдайтын 7 станса салынды. Немістердің диверсанттарды жіберудегі бір мақсаты осы стансаларды істен шығару болса, ендігі бір жоспарлары ел арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, бүлік туғызу болатын.

Сұрапыл соғыс жылдары, әсіресе, Ескене мұнайшылар еңбектің ерен үлгісін көрсетті. Бұрғылау жұмысынан алда болған

ескенелік мұнайшы бригадалары соғыс жылдарында Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Ауыспалы Қызыл Туын 7 рет жеңіп алды.

Соғыс жылдарында мұнайды мол алудың жаңа әдістерін жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. Соның арқасында Одақта тұңғыш рет мұнай өндірудің екінші әдісі (қабат қысымын су айдау арқылы көбейту) 1943 жылдың тамыз айында Доссор кәсіпшілігінде жүзеге асырылды. Келесі жылы Мақат кәсіпшілігінің ұжымы бірінші юра қабатына су айдау қондырғыны іске қосты. Соғыстың соңына дейін Доссор мен Мақат кәсіпшілігі осы әдіспен қосымша 14 мың тоннадан астам жоғары сапалы мұнай алды.

Басты қызық дерек – сол кезде Доссор мұнайы сапасының таза болғаны соншалық, өнім еш өңдеусіз тікелей танктердің бактарына бірден құйылып отырған.

## СТАЛИНГРАД МАЙДАНЫНАН ЕМБІ МҰНАЙШЫЛАРЫНА ХАТ:

*Қымбатты достар, қанымыз бір аға-інілер, балалар, қазақтар, мұнайлы Ембінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері!*

*Қызыл армия жалғыз емес, бүкіл ел оның жолында. Қызыл Армия неміс жауыздарын өзінің қаруымен талқандауда, ал, сіздер, тыл қайраткерлері, табанлы еңбегіңізбен талқандайсыз. Сіздің мұнайдың әрбір литрі, продукцияларыңыздың әрбір килограммы жау тамағына тас болып тұрады. Өнімдеріңізді күн санап, сағат сайын көбейте беріңдер, ол біздің жеңіс сағатымызды жақындата түсесі. Бұл міндетті сіздердің абыроймен орындайтыныңызға біз күмәнбабаймыз.*

Панфилов дивизиясының командирі Бауыржан Момышұлы (1942 жылы 17 шілде)

бұрынғыдан да көп өндіруді өздеріне міндет етіп қабылдады. Олардың ұрандары «Барлығы да майдан үшін!», «Барлығы да жауды талқандау үшін!» болды. Ембі мұнайшылары алғашқылардың

Сұрапыл жылдарда майданға аттанған ерлердің орнын өндірісте әйелдер толықтырды. Тез арада әйелдерді мұнай өндірісінің түрлі салалы жұмыстарына үйретіп,



## ЕҢБЕК АДАМЫ

Қазіргі заманда кез келген мемлекеттің табысты дамуы, тұрақты экономикалық өсімі мен әлеуметтік әл-ауқаты еңбек адамдарымен тікелей байланысты. Ел игілігі үшін адал еңбек етіп жүрген азаматтар – бейбіт өмірдің шынайы қаһармандары деуге толық негіз бар. Сондықтан, «еңбек адамы» ұғымы бүгінгі күннің өзекті және құрметке лайық тақырыптарының бірі болып саналады.

Өз ісіне адал, кәсібіне жауапкершілікпен қарайтын әрбір жұмысшы Компаниямыздың дамуына өз еңбегімен үлес қосуда. Олардың барлығын ортақ



қасиет біріктіреді – ол маңдай термен келген адал еңбек.

Оралбек Мұханбетов еңбек жолын сонау 1988 жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның Забурын кен алаңында бастап, содан бері 40 жылға жуық уақыт бойы табан аудармастан аталған кеніште еңбек етіп келеді. Негізгі қызметі - өндірістік немесе тұрмыстық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу.

Кеңірек айтқанда, оның жауапкершілігі ауқымды. Ағымдағы, күрделі және жоспарлы жөндеу, сондай-ақ, жабдықтарды, агрегаттарды монтаждау, тексеру, реттеу, ақауларды анықтау, механизмдердің техникалық

диагностикасын жүзеге асыру және жөндеу жұмыстарының жоспарын жасау жұмыстары – слесарь-жөндеушінің күнделікті жауапкершілігінде. Осы жұмыстарды шебер меңгерген ол ұжым арасында да сый-құрметке ие.

Мұнайшының айтуынша, оның мамандығы жан-жақтылықты талап етеді.

Бұл мамандықтың артықшылығы - көптеген технологияларды меңгеруде, сондай-ақ, кәсіби білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігінде. Табысты жұмыс істеу үшін слесарь-жөндеушінің бойында жауапкершілік пен жүйелілік, коммуникабельділік, қол қимылының дәлдігі және үйлесімділігі, ширақпақ деген сияқты бірқатар жеке қасиеттер болуы қажет, - дейді ол.

Биылғы жылы Оралбек Мұханбетов зейнеткерлік жасқа толады.

«Қазіргі заман – нақты істер мен білікті кадрлар заманы. Кез келген өндірістің, кәсіпорынның дамуы, алдымен, шебер жұмысшыларға байланысты» деп санайтын әріптесіміз өзінің жиған тәжірибесін кейінгі жас мамандарға үйретуден де еш жалықпайды. **ЕТ**



Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» акциясына «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 300-ден астам қызметкері қатысып, Атырау облысы аумағында 250-ге жуық тал екті.

Жалпыұлттық экологиялық шара аясында мұнайшылар Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер – «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» МГӨБ, «Өндірістік-техникалық қамту және

## ЭКОАКЦИЯ



## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» - ТАЗА АЙМАҚ

Әскер ДӘУЛЕТБАЕВ, ӨТҚЖК басқармасының есептеу және есеп жүргізу жөніндегі тобының жетекшісі:

## «ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ»

- Бұл - бір күндік акция емес, яғни, тек қана тал егіп, қоқыс шығару, аула тазалау ғана емес, бұл – мәдениетті қалыптастыру. Қазір ғаламтор желісінен көптеген «жаға ұстатарлық» жағдайларды естіп оқып қаламыз. Мәдени мұраларды бүлдіріп, тарихи орындарда түрлі жазулар қалдырып, вандализм сипаттары орын алып жатқан оқиғалар, өкінішке орай, жиі кездеседі. Оның шешімі ретінде осындай акцияларды жиі ұйымдастыру керек. Тазалыққа үлкен мән беретін адамдардың сана-сезімі де таза болады.

Акцияға белсене қатысқан жастар да бұл шара табиғатты қорғау жолындағы маңызды қадам екенін жеткізді.

Мереке БЕРДЕШОВ, «Ембімұнайгаз» АҚ орталық бухгалтерияның бөлім бастығы:

## «БІЗ ТАЗА ЕЛ ҮШІН!»

- Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Ол - үлкен тәрбиеліктің белгісі.

«Ембімұнайгаз» қызметкерлері жыл сайын «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық акциясына белсенді түрде қатысып келеді.

Бүгін біз «Ембімұнайгаз» компаниясының 100 жылдық мерейтойына қала тұрғындарына арнап салған Мұнайшылар аллеясына жиналып, тал егу жұмыстарына атсалысып жатырмыз.

Бұл жер – қаламыздағы адам көп жиналатын демалыс орындарының бірі. Осындай аймақтарды тазалықта ұстау, бүлдірмей, сындырмай, айналамызды көркейтіп, жасыл желекке айналдыруды – негізгі өмір қағидаты етіп қалыптастыруымыз керек.

жабдықтармен комплектациялау», «Ембімұнайэнерго» басқармалары және Орталық басқару аппараты орналасқан Атырау қаласы мен Жылыой, Исатай, Қызылқоға және Мақат аудандарында көгалдандыру жұмыстарына қолдау білдірді.

Ембіліктердің айтуынша, бұл – жай ғана ұран емес, елдегі экологиялық мәселелерді шешуге арналған кешенді бағдарлама.

Бұл бастама қоршаған ортаны қорғаумен қатар, қоғамда тазалық мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Сондықтан, өңірді абаттандыру мен көгалдандыруға бағытталған кешенді жұмыстар әлі де жалғасын табады. **ЕТ**

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2026 жылғы 24 сәуірде №КЗ03VPY00147512 күәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.  
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmg.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
A.Ertleuova@emg.kmg.kz

Баспаханна: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

К.Әбенев – Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

М.Куримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ

Instagram - @embamunaigas.kz

TikTok - @embamunaigas

Facebook - Ембілік Мұнайшы

You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.